ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасы

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒЫТТАРЫ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»

атты з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

## МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2013 жыл

Алматы 2013

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасы



# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒЫТТАРЫ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»

атты з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

## МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2013 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

# МАЗМҰНЫ


**Алиев Талех Рамиз оглы**
РАЗВИТИЕ ОБЫЧНОГО ПРАВА НАРОДОВ АЗЕРБАЙДЖАНА ..... 6
**Алимкулов Е.Т.**
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОТНОСИМОСТИ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ ..... 9
**Андреева Л.А.**
К ВОПРОСУ О РАЗГРАНИЧЕНИИ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ И ПРОСТУПКА ..... 13
**Аратұлы Қ., Абдуримов А.**
КОМПЬЮТЕРЛІК ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ ..... 20
**Арын А.А.**
ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАП АЛҒАНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР ..... 25
**Атаханова Г.М.**
ПАЙДАКҮНЕМДІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БІР ТҮРІ ..... 29
**Ахметов Е.Б.**
ЭВОЛЮЦИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ШАНХАЙСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА С КОНВЕНЦИОННОГО МЕХАНИЗМА ОБЕСПЕЧЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ИНСТИТУЦИОННЫЙ ..... 32
**Базилова А.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ..... 35
**Байсалов А.Д.**
БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАСЫН РЕТТЕЙТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ..... 43
**Баяндина М.О.**
К ВОПРОСУ О ВВЕДЕНИИ ИНСТИТУТА ПРОЦЕССУАЛЬНОГО СОГЛАШЕНИЯ В УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РК ..... 45
**Бейжанова А.Т., Ахметова З.Б., Аликбаева А.Б.**
ҚАРЫМ ҚАТЫНАС МАРКЕТИНГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ..... 49
**Берсугурова Л.Ш.**
О ГАРАНТИЯХ ПРАВ ЛИЧНОСТИ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ..... 54
**Берсугурова Л.Ш., Ердосов А.**
К ВОПРОСУ О СУЩНОСТИ ПЕРЕСМОТРА СУДЕБНЫХ РЕШЕНИЙ В ПОРЯДКЕ НАДЗОРА ..... 57
**Бижанова А.Р.**
ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ЖАЛҒАН АҚША МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЖАСАҒАНЫ, САТҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ..... 60
**Бисенғали Лилия**
ОСОБЕННОСТИ ПЕРВОНАЧАЛЬНОГО ЭТАПА РАССЛЕДОВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ..... 63
**Бисенова М.Қ.**
КІНӘ ДӘРЕЖЕСІ МЕН КІНӘ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫ ..... 70
**Бурчихин А.Н.**
ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЙ СРЕДИ ЛИЦ, ОСВОБОЖДЕННЫХ УСЛОВНО-ДОСРОЧНО, В ЗАРУБЕЖНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ ..... 74
**Власенко Ю.Л.**
КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ ЭКОЛОГО-ПРАВОВЫХ ПРОЦЕССОВ ..... 81
**Гальцов В.С.**
«ДЕЛОВОЙ РИСК» КАК ПОНЯТИЕ НЕОБХОДИМОЕ ПРИ ПРАВОВОЙ ОЦЕНКЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУКОВОДИТЕЛЕЙ СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ..... 84

**Джансараева Р.Е.**
ПОНЯТИЕ И СУЩНОСТЬ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТ[illegible] ПРАВА .... 87
**Джансараева Р.Е., Нұрмағанбетова А.Т.**
ДӘЛЕЛДЕУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АДВОКАТ-ҚОРҒАУШ[illegible] .......... 94
**Дүзбаева С.Б.**
ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕ[illegible] .......... 99
**Дүйсенова Л.М.**
ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКО[illegible]ЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ .......... 103
**Ерғали А.М., Маханов Т. Ғ.**
ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ .......... 105
**Ерлосов А.**
ПРОБЛЕМЫ ВОЗОБНОВЛЕНИЯ ДЕЛ ВВИДУ ВНОВЬ ОТКРЫВШИХСЯ ОБСТОЯТЕЛЬСТВ ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ .......... 109
**Жетібаев Н.С.**
КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ, ДИАГНОСТИКАНЫҢ, ЕМДЕУДІҢ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРТІБІН БҰЗУ ҚҰРАМЫНА ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .......... 113
**Жугралина Б.М., Акболатова М.Е.**
ПРОБЛЕМЫ НАЗНАЧЕНИЯ НАКАЗАНИЯ ЗА ПОБЕГ ИЗ МЕСТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ .......... 118
**Жұманбаева Н.А., Серімов Е.**
СОТ ӘДЕБІ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ .......... 121
**Избасова А.Б.**
ҚЫЛМЫСКЕР - ӘЙЕЛ ТҰЛҒАСЫ СИПАТТАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ .......... 127
**Канаев А.**
ЖАНАМА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ МЕН ТЕКСЕРУДІҢ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ЖӘНЕ ТӘСІЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ .......... 130
**Колышева И. Б.**
INTERNATIONAL EXPERIENCE IN REALIZATION OF RUSSIA FEDERAL PROCUREMENT POLICY .......... 134
**Қонысбай Б.**
ЕКІ НЫСАНЫМЕН ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БЕЛГІЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ .......... 138
**Құрманәлінов Е.Ж., Рағатова М.Ө.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ТИІСПЕУШІЛІК ПРИНЦИПІНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ .......... 144
**Маликова Ш.Б., Дубовицкая О.Б.**
МОШЕННИЧЕСТВО В СТРАХОВАНИИ: ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ ВОПРОСА .......... 147
**Молдагалиева А.С., Ашим А.М.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ .......... 155
**Мукамеден Д.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ .......... [illegible]
**Мұратбек А.**
РАҚЫМШЫЛЫҚ ПЕН КЕШІРІМ ЖАСАУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ИНСТИТУТТАРЫ РЕТІНДЕ .......... [illegible]
**Мухамадиева Г.Н.**
АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ [illegible] БАСТАМАЛАРЫ .......... 168
**Наутиев Б.**
КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛД[illegible] КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР .......... 173
**Нұрмағанбет Е.Т., Жанибеков А.К.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАНАМА [illegible] ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .......... 177

**Нұрмағанбет Е.Т.**
ХАЛИКОВ К.Х. - ҰСТАЗ, ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ, СОТ БИЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ.......... 182
**Нұрмағанбетова М.Т.**
НАРЫҚТАҒЫ КӘСІПОРЫН ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІГІН АНЫҚТАУ МОДЕЛІ ...... 183
**Нұрмағанбетова М.Т., Бейсебаева С.А.**
ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.......... 187
**Ромашов Р.А., Тургумбаев М.Е.**
ПОНИМАНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ И ПРЕСТУПНОГО МИРА В КОНТЕКСТЕ ТРАДИЦИОННОГО ГОСУДАРСТВА, ГОСУДАРСТВА ПЕРЕХОДНОГО ПЕРИОДА И В УСЛОВИЯХ ПОЛИТИКО-ПРАВОВОГО ХАОСА .......... 191
**Салиева Т.К.**
ОСНОВНЫЕ МЕРЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ.......... 194
**Сатыбалдинов Д.Д.**
МОДЕЛИ РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШЕННЫХ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ.......... 197
**UследниковаO.Н.**
ПОНЯТИЕ И КЛАССИФИКАЦИЯ ИМУЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ .......... 200
**Серім Ғ.Ө., Туменбаев С.А.**
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КІНӘ МӘСЕЛЕСІ .......... 203
**Тапалова Р.Б.**
АНАЛИТИЧЕСКАЯ СТАДИЯ ОСМОТРА МЕСТА ПРОИСШЕСТВИЯ.......... 206
**Тасжарганов С.И.**
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ҚАЖЕТТІГІ.......... 210
**Таубаев Б.Р.**
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ПЕНИТЕНЦИАРНЫЙ ОПЫТ И ЕГО РЕАЛИЗАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ .......... 216
**Теңізбаев Т., Худайбердина Г.**
ЖАЛҒАН БАНКРОТТЫҚ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........ 219
**Тлепбергенов О.Н.**
ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ МОРАЛЬДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР.......... 223
**Төлеген М.Ә.**
БАҚ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ .......... 225
**Толеубекова Б.Х.**
ПРОБЛЕМЫ ПРАВОМЕРНОСТИ ВКЛЮЧЕНИЯ В ПРОЕКТ НОВОЙ РЕДАКЦИИ УПК РК «НЕГЛАСНЫХ» СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ.......... 235
**Тресков А.П.**
ЗАКОНОДАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ГОСУДАРСТВА В СФЕРЕ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В РОССИИ .......... 239
**Турашбекова Д.А.**
КІШІ ЖҮЗ ХАНЫ ӘБІЛҚАЙЫР МЕН МАКЕДОНИЯ ПАТШАСЫ ЕСКЕНДІР ЗУЛЬКАРНАЙННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІ .......... 243
**Утибаев Г.К.**
УГОЛОВНО – ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ КОДЕКС РК: ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРЕДВАРИТЕЛЬНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ .......... 253
**Шарипов Ш.М.**
О СПРАВЕДЛИВОСТИ В ПРАВЕ.......... 256
**Шопабаев Б.А.**
СПЕЦИАЛИСТ-КРИМИНАЛИСТ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА УЧАСТИЯ В СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЯХ.......... 260

***Избасова Асель Борановна***
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*
*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу*
*және криминалистика кафедрасының оқытушысы*

## ҚЫЛМЫСКЕР - ӘЙЕЛ ТҰЛҒАСЫ СИПАТТАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аннотация.** Қылмыстылық жалпы алғанда криминологиялық сипаттамасынан, себептілігінен және жекеленген қылмыстардың алдын алу мен олармен күресу әдістерінен көрініс табатын арнайы ерекшеліктерге ие жекеленген түрлерге бөлінеді. Қылмыстылықтың мұндай жекеленген түріне әйелдер қылмыстылығын жатқызуға болады.

Қылмыстылықты жыныстық белгісі бойынша жіктеу өзіндік мағынаға ие, себебі әйелдер қылмыстылығының сандық және сапалық мазмұны ерлер қылмыстылығына қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Сандық және сапалық ерекшеліктер мен айырмашылықтарға келетін болсақ, статистика көрсетіп отырғандай пайдакүнемдік және зорлық қылмыстарының арақатынасы, сонымен қатар әйелдермен жасалатын басқа да қылмыстар ер адамдар арасында болатын жағдайға қарағанда өзгеше. Яғни, тек әйелдерге ғана тән микроорта немесе нақты кезеңдегі жағдайдың әсерімен жасалатын қылмыстар көптеп кездеседі.

**Түйінді сөздер:** қылмыстылық, әйелдер қылмыстылығы, қылмыстылықтың алдын алу, қылмыстылықпен күрес.

***Izbassova Assel Boranovna***
*teacher of chair of Criminal law,*
*criminal Process and Criminalistics*
*Al-Farabi Kazakh National University*

## SOME QUESTIONS OF THE CHARACTERISTIC OF WOMEN OF CRIMINALS

**Abstract.** The crime as a whole is subdivided into the separate types having the specific features which are expressed as in the criminological characteristic, in causality, and in ways of the prevention of crimes of a separate look and fight against them. The female crime belongs to such separate type of crime.

Undoubtedly, crime division on a sexual sign makes sense as both quantitative, and qualitative content of female crime has the features and differences from the man's. As for quantitative features and differences, throughout centuries the female crime always considerably conceded the man's.

As for qualitative features and differences, how the statistics shows, the ratio of mercenary and violent crimes, and also other crimes committed by women, differs from the situation which has developed among men. Crimes in which the stereotype of the behavior which has developed under the influence of a concrete, characteristic microenvironment for women or a situation during the certain period is reflected are allocated.

**Keywords:** crime, female crime, fight against crime, crime counteraction

Тұлға – жеке адамның әлеуметтік құндылықтарға ие болу шарасы мен ол құндылықтарды жүзеге асыру қабілеттігі, жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жүйесі. Тұлға ретінде адам өз кезегінде сол адамның қоғамдық қатынастарға қатысуға байланысты даму деңгейімен, оның санасының даму деңгейімен, оның санасы мен қоғам санасының бір-біріне сәйкес келуімен сипатталады. Тұлға дамуының итеруші күші ретінде үнемі өсіп отыратын қоғамдық шартты қажеттіліктерді қанағаттандыру арасындағы оның ішкі қарама-қайшылығы табылады.

Тұлғаның дамуы – бұл оның мүмкіндіктерінің үнемі өсуі мен жаңа қажеттіліктерді қалыптастыруы. Тұлға дамуының деңгейі оған тән қарым-қатынастармен анықталады. Тұлға дамуының төмен деңгейі негізінен оның қатынастарының утилитарлы меркантильді мүдделермен негізделеді. Ал тұлға дамуының жоғары даму деңгейі қоғамдық маңызды қатынастардың басым болуымен сипатталады. Өзінің қоғамдағы орнын реттей отырып әрбір жеке тұлға маңызды өмірлің мәселелерді шешеді. Тұлғаны түсіну – ол оның өмірлік міндеттері мен оларды қалай шешетіндігін, бұл мәселелерді шешудің қандай қайнар көздерімен қамтылғанын білуге мүмкіндік береді. Ал қылмыскер тұлғасын түсіну – бұл оны қылмыстық жолға қандай өмірлік қиындықтар итермелегенін түсінуді білдіреді [1].

Қылмыскер тұлғасының анықтамасына ғылыми тәсілдеме қолданыстағы қылмыст істерді тергеудің әдісі мен тактикасының, сот психологиясының ережелерін және тағы бас да мәселелерді шешуде қажет болады. Криминологияға қатысты қылмыскер тұлғасын мазмұны нақты қылмыстың себебін анықтауда ғана емес, сонымен қатар белгілі тұлғаларға, қылмыстық топқа тән криминогендік белгілер мен қасиеттерді анықтау үш қажет жалпылама түсінік алуда маңызы зор. Әсіресе соңғы жағдайда біздерге негі криминологиялық мәселе – қылмыстылықтың себебін анықтау мүмкіндігі туады. Қылмыск тұлғасы – криминологияда түрлі авторлармен үш мағынада қолданылатын түсінік:

Формальді мағынада, яғни қылмыс жасаған тұлғаны қоғамда қалыптасқан «әлеумет тұлға» ретінде толық сипаттайды;

Мазмұнды мағынада, яғни тұлғаны қылмыстық әрекетпен байланыстыра отыры сипаттайды;

Формальды-мазмұндық мағынада: қылмыс жасау кезіндегі тұлғаның жағдайы[2].

Үшінші жағдайда авторлар қылмыс жасағанға дейін және қылмыс жасағаннан кей «қылмыскер тұлғасы» деген түсінікті қолдануға болмайды деген болатын. Тұлға – «адамның әлеуметтік бет пердесі», яғни қоғамда өмір сүре және дами отырып оның к болғандығы. Қылмыскер тұлғасын зерттеу кеңес билігінің алғашқы жылдары Петрогр (1918), Саратов(1922), Мәскеу (1923) және тағы басқа қалаларда қылмыстылықты жә қылмыскер тұлғасын зерттеу бойынша кабинеттер құрылған кезден басталған болатын. Б уақыт кезеңінде қылмыскерлерді медико-психиатриялық зерттеулер жүргізілген болаты алайда бұл зерттеулер қолданылатын әдістемесінің жетілмегендігінен құндылығы жағын төмен болды.

30-жылдардың басынан 50-жылдардың аяғына дейін қылмыстылық пен қылмыск тұлғасына байланысты зерттеулер жүргізілмеген болатын. 1963 жылы қылмыстылықты алдын алу шараларын әзірлеу мен оның себептерін зерттеу бойынша Жалпы Кеңес институт құрылғаннан кейін криминологиялық зерттеулер маңызды дамуға ие болд Қылмыскер тұлғасы криминологтардың басты назарына алынып, көптеген жұмыстар оңтайлы зерттелді (В .Н. Кудрявцев, Н.Ф. Кузнецова, Г.М. Миньковский, А.Б. Сахаров, А.М Яковлев, К.Е. Игошев және тағы басқаларының еңбектерінде).

Қылмыскер тұлғасымен қатар, әйел-қылмыскер тұлғасы де аса жоғары назарға ие Әйелдер қылмыстылығының сипаты мәселелері, сотталған әйелдердің қоғамға қауіптіл Ю.М. Антонян, Т.Н. Волкова, М.Н. Голондюк, А.И. Долгова, В.Н. Зырянов, И.А. Кириллов И.В. Корзун, Б.Х.Төлеубекова, В.Н. Кудрявцев, Н.С. Лейкина, Л.Н. Меликишвили, В.А Серебрякова, Е.В. Середа және тағы басқаларының еңбектерінде кеңінен зерттелді.

Криминологтар мен психологтар бұрыннан қоғамға қарсы қылықтарыме сипатталатын әйелдер тұлғасының ерекшеліктерін айтқан болатын. Сонымен қатар криминологиялық зерттеулер әйелдер тұлғасын зерттеуге түрлі тәсілдердің қажеттілігі көрсетеді. Қылмыскер – әйел тұлғасы өздеріне тән ерекшеліктерге ие. Оларды зертте қылмыстық жолға әлі түспеген бейәлеуметтік әрекеттермен сипатталатын тұлғаларды уақытылы түзеу, жекеленген тәрбие жұмыстары мен тиімді алдын алу үшін орынды шараларды таңдауға мүмкіндік береді. Тұлға құрылымында демографиялық факторлар маңызға ие: жынысы, жасы, психологиялық ауытқушылықтарының болуы, сонымен қатар әлеуметтік факторлар: әлеуметтік мәртебе, орындайтын әлеуметтік міндеттері, адамгершілік-психологиялық негіздер. Қылмыс жасаған әйел қылмыскерлер тұлғасын зерттеу процессінде әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктер, объективтік әлеуметтік жағдайлар, қоршаған ортаның объектілері мен адамның іс-әрекеті, сонымен қатар тұлғаның ішкі психологиялық элементтері қарастырылады.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері әйелдердің жас мөлшеріне байланысты криминалдық белсенділіктерінің өзіндік ерекшеліктерге ие құбылыс екендігін көрсетеді. Сотталғандардың жас мөлшері туралы мәліметтерді талдау бас бостандығынан айыруға сотталғандардың басым көпшілігі 37,9% - 30-39 жас аралығындағылар тобына, 18,1% - 40-49 жас аралығындағылар тобына, 13,9 % - 18-24 жас аралығындағылар тобына және 13,3 % - 25-

29 жас аралығындағылар тобына жататындықтарын көрсеткен болатын. Бұл әйелдердің нақ осы жас мөлшері аралығында (30-40) жеке өмірлеріндегі қолайсыздыққа, отбасындағы жағымсыз жағдайларға, отбасының ыдырауы немесе оның тіптен болмауы және басқа да әлеуметтік маңызды байланыстардың дұрыс орнықпауына байланысты оларды ауыр қабылдап, бастарынан кешіретіндіктеріне байланысты. Отбасы мен аналық сезімді ұстап тұрушы негізді жоғалту, белгілі бір қиын өмірлік жағдайларға тап болып жан-жағынан қажетті қолдау таба алмау жиі әйелдерді қылмыс жасауға итермелейді. Бірінші рет сотталған әйел-қылмыскерлердің 73 %-ы күйеуге шықпаған, ажырасқан, жесір жалғыз басты әйелдер, бұрын сотталған әйел-қылмыскерлер 65%-н құрайтындығы бекер емес. Көбінесе бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан әйелдерді қылмыс жасаудан ұстайтын антикриминогендік фактор – отбасы болмайды. Әрі бас бостандығынан айыруға сотталған ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың отбасылары жиі бұзылады. Бұл жағдайлар әйел адамдарда болашағынан қорқыныш, қобалжушылық жағдайы, қорқыныш сезімі, түзеу мекемелеріннен шыққаннан кейінгі белгісіздік, болашағына алаңдатушылық және сол сияқты тағы да басқа жағдайларды тудырады. Осындай факторлар сотталғанның түзелуіне кері әсерін тигізіп, керісінше рецидивке себепші болуы да мүмкін. Қылмыснама ғалымдарының көпшілігі үлкен жастағы қылмыскер әйел адамның криминогенді белсендігін былай деп түсіндіреді: бұл құбылыс әйел адамның қоғамдық қызмет және еңбек аясының, сонымен қоса әлеуметтік қатынастарының кеңейіп кеткендігіне байланысты болып отыр[3].

Әйел адамдардың білім деңгейлері бойынша зерттеулер маңызды мағынаға ие. Білім өмірлік мақсаттар мен мүдделерді қалыптастыруға әсер етеді, адамдардың ақыл-ой қабілеттіліктерінің дамуын бағалау, оның мәдени ортасын, ой-өрісін анықтау, өзін-өзі бағалау, әлеуметтік ұмтылысының деңгейінің көрсеткіші ретінде көрініс табады. Білім деңгейі мен криминогендік жағдайлардың өзара байланыстылығы бұрыннан белгілі, яғни нақты тұлғаның білім деңгейі қаншалықты жоғары болса, оның тарапынан құқыққа қарсы әрекетке бару мүмкіндігі соншалықты төмен болады. Себебі білім деңгейінің жоғары болуы қоғамға қауіпті әрекеттен пайда болатын зардапты бағалауға, мақұлданатын қажеттіліктерді қалыптастырып, оларды қанағаттандырудың құқыққа сай жолдарын табуға мүмкіндік береді. Және керісінше, білім деңгейінің төмендігі, сәйкесінше қоғамдық тиімді мүдделердің, дағдылардың, әрекет ережелерінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда білімі мен мамандығының болуы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етпейді. Бұл факторлар да әйелдер тарапынан жасалатын қылмыстар көрсеткішіне септігін тигізуде. Қоғам мен тұлға арасында болатын негізгі байламдардың бірі ретінде еңбек қызметі танылыды. Өйткені қоғамға пайдалы іспен айналысу араласудың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін, өмір сүрудің керек қажеттіліктеріне ие болу үшін, жалпы алғанда тұлғаның қалыптасуы үшін маңызды болып келеді.

И.В. Корзунның зерттеуіне сәйкес, өздерінің еңбек қызметтеріне байланысты қылмыскер әйел адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылған кезде келесі ретте топтастырылған: мамандығы жоқ қызметкер - 25,4%, мемлекеттік қызметкерлер - 10,2%, сауда мен тұрмыста қызмет көрсету аясындағы қызметкерлер - 3,9%, коммерциялық ұйымдардың қызметкерлері - 0,9%, оқитын және студент қыздар - 1,5%, зейнеткер әйел адамдар - 2,9% және де жұмыс істемеген әрі оқымағандар - 54% -ын құраған[4]. Осы көрсеткіштерге қарап, көбінесе білім деңгейі төмен тіпті білім алмаған әйел адамдар қылмыс жасауға бейімдірек деп айтуға болады.

Ал әйел адамның тікелей өзінің жүзеге асыратын қызметіне байланысты жасаған қылмыстар саны 14,5%-ын құраған. Бұл әйел адамдар сауда, материалды-техникалық қамсыздандыру, әр түрлі қызмет көрсету аясында жұмыс істеп жүріп және де қаржы несиелік, коммерциялық қызметпен байланысты қызмет орнында бола отырып талан - таражды, сонымен қоса басқа да қызмет бабына қатысты қылмыстарды жасап отырған. Осыдан келесі қорытындыға келуге болады: қызмет аясындағы әйел адамның қылмыстық мінез - құлқын қызмет бабындағы пайдакүнемдік мотивациясы анықтайды.

Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай қоғам дамуының әрбір жаңа кезеңі тұ-
ретіндегі әйел мәртебесінің өзгеруіне әсерін тигізіп отырғандығы заңдылық. Қоғамд
қатынастар жүйесінде әйел адамдардың алатын орны оның тұлғалық қасиеттерін аш
көрсетеді. Қазіргі таңда әйел адамдардың мәртебесі біршама өзгерді. Олар білім алуға көп
көңіл бөліп, өндіріске араласа бастады және тағы басқалары.

Қазіргі таңда әйел адамдардың өмір сүруінің әлеуметтік жағдайлары, экономикал
және саяси қатынастардағы әйел адамдар мен ер адамдардың теңдігі негізінде өрбігенім
көптеген адамдардың санасында қалыптасқан тұрмыспен, отбасымен байланыс
шаруашылық жұмыстарды бөлудегі теңсіздікке байланысты нақты психологиял
кедергілер бар. Өз кезегінде олар да белгілі бір мөлшерде әйелдер тарапынан жасалат
қылмыстардың санына әсерін тигізеді.

Ер адамдар мен әйел адамдарының қылмыстық мінез-құлқын қатарластыра отырып, е
алдымен ер адамдарда олардың қиындылығы, ал әйел адамдарда оның қызбашылығы ор
алатынын айтып кету керек. Сондай-ақ әйелдерде көп жағдайларда мазасыздану м
депрессивті күйі қалыптасып кеткен, өзінің болашағын олар жағымсыз жақтан көре
Сондықтан да сотталған әйел адамдарға қатысты қолданылатын тәрбиелік мәні бар әсе
етулердің жүйесіне психологиялық - педогогикалық әдіс - тәсілдерді кіргізудің қажеттілі
өте маңызды. Осыған сәйкес, ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың сену және көн
қабілеттілігінің деңгейі жоғары екендігін белгілеп кету қажет. Бұның өзі оларға сендіру
негізделген әдістерді тәрбиелік жұмыста қолдануы нәтиже беретіндігіне күмән жоқ.

Әйел адамдармен жасалатын қылмыстар санын азайту үшін қылмыскер-әйел тұлғасы
зерттеудің жаңа әдістемесі қажет, сонымен қатар қазіргі таңда олармен жасалаты
қылмыстардың алдын алу бойынша тиісті шаралар жүйесін әзірлеу қажеттілігі туында
отыр. Аталған шаралар жүйесіне криминологиялық және әлеуметтік білімнің, психологи
мен басқа да ғылымдардың барлық жаңа жетістіктері енгізілген жағдайда ғана тиіс
нәтижеге қол жеткізуге болатындығына сенімдіміз.


### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каиржанов Е.И. Криминология. (Общая часть). - Алматы, 1995. -264 с.
2. Воронин Ю.А. Типология личности преступников. Автореферат дис. канд. юрид. наук. Свердловс 1974. С. 6
3. Фефелов В.А. Правовое регулирование общеобразовательного и профессионально-техническо обучения лиц, лишенных свободы. - Рязань, 1979. С. 80-81.
4. Корзун И.В., Төлеубекова Б.Х. Криминологическая характеристика своевременной женско преступности в Казахстане и меры ее предупреждения. - Алматы, 2000. -156 с.



***Канаев Ақназар***

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰ*

*заң факультетінің қылмыстық құқық*

*қылмыстық іс жүргізу жән*

*криминалистика кафедрасының магистранты*


## ЖАНАМА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ МЕН ТЕКСЕРУДІҢ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ЖӘНЕ ТӘСІЛДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ


**Аннотация.** Бұл мақалада дәлелдемелерді жинау мен тексеру дәлелдеу процесінің аса маңызды кезеңі туралы жазылған. Жанама дәлелдемелерді жинау мен тексеру кезеңінде істің дұрыс шешілуіне байланысты кедергі келтіретін қателіктер кездеседі.



**Түйін сөздер:** дәлелдеме, іс жүргізу, жанама дәлелдеме, дәлелдемерді жинау, дәлелдемелерді тексеру, тергеу, алдын ала тергеу.